«Баян-Болат» бөбекжай-балабақшасы ЖШС «Disney» балабақшасы
КЕЗЕКТЕН ТЫС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ
№6 ХАТТАМАСЫ

Күні: 20 шілде 2026 жыл
Өткізілген орны: «Disney» балабақшасы
Қатысқандар: педагогикалық ұжым мүшелері
Төраға: Б.С.Қали
Хатшы: Л.М. Нуралиева

Тақырыбы: «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымды мемлекеттік аттестаттауға дайындау барысын қарау

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мемлекеттік аттестаттауға дайындық жұмыстарының орындалу барысы туралы.
2. Өзін-өзі бағалау материалдарының дайындық деңгейін қарау.
3. Мемлекеттік аттестаттауға ұсынылатын құжаттардың толықтығын қамтамасыз ету.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша басшысы Қали Б.С. сөз сөйледі. Ол мемлекеттік аттестаттауға дайындық аясында атқарылып жатқан жұмыстардың барысы туралы ақпарат берді. Білім беру ұйымының қызметін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, үлгілік қағидалардың және қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкестендіру бағытында жүргізілген жұмыстарға тоқталды.

Педагогтердің құжаттары, перспективалық жоспарлар мен циклограммалар, тәрбиеленушілердің даму мониторингі, педагогтердің біліктілігін арттыру және аттестаттау құжаттары, материалдық-техникалық база мен пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаның жағдайы зерделеніп жатқаны айтылды.

Ол сондай-ақ, мемлекеттік аттестаттауға дайындық барысында анықталған кемшіліктерді уақытылы жою, құжаттарды біріздендіру және жауапты тұлғалардың өз бағыттары бойынша жұмыстарды күшейту қажеттігін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша Еркін А.Е. сөз сөйледі. Өзін-өзі бағалау материалдарының дайындық деңгейі туралы баяндап, бағалау өлшемшарттарына сәйкес жинақталған құжаттарға талдау жасалғанын хабарлады.

Өзін-өзі бағалау есебіне енгізілетін мәліметтердің нақтылығы, растайтын құжаттардың болуы, педагогтердің сапалық құрамы, тәрбиеленушілер контингенті, білім беру процесінің ұйымдастырылуы, балалардың даму мониторингінің нәтижелері және басқа да қажетті материалдардың сәйкестігі қарастырылды.

Ол сондай-ақ өзін-өзі бағалау материалдарында көрсетілген мәліметтердің растайтын құжаттарға сәйкестігін қайта тексеруді және жетіспейтін материалдарды уақтылы толықтыруды ұсынды.3. Мемлекеттік аттестаттауға ұсынылатын құжаттардың толықтығын қамтамасыз ету

Үшінші мәселе бойынша Қали Б.С. сөз сөйледі. Мемлекеттік аттестаттауға ұсынылатын құжаттардың тізбесі бойынша жинақталу жағдайына тоқталды. Құжаттардың толықтығы, дұрыс рәсімделуі, мерзімдерінің сәйкестігі және қажетті қолдар мен бекітулердің болуы тексеріліп жатқаны туралы хабарлады.

Әрбір жауапты тұлғаға өз бағыты бойынша құжаттарды қайта қарап, анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімде түзету қажеттігі ескертілді. Құжаттардың қағаз және электрондық нұсқаларын жүйелеп, аттестаттау комиссиясына ұсынуға толық дайындықты қамтамасыз ету тапсырылды.

Ұйым басшысы мемлекеттік аттестаттауға дайындық жұмыстары барлық жауапты тұлғалардың бірлескен және жүйелі жұмысы арқылы жүргізілуі керектігін атап өтті. Құжаттардағы мәліметтердің шынайылығы мен нормативтік талаптарға сәйкестігіне ерекше назар аударуды тапсырды.

ШЕШІМ:

1. Өзін-өзі бағалау материалдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының талаптарына сәйкес толықтырылсын.
2. Жауапты тұлғаларға анықталған кемшіліктерді жою және барлық құжаттарды белгіленген мерзімде рәсімдеу тапсырылсын.
3. Мемлекеттік аттестаттауға ұсынылатын құжаттар топтамасы толық әзірленіп, 2026 жылдың 21 тамызға дейін комиссия қорытындысын педагогикалық кеңеске ұсынсын.

Төраға: Қали Б.С.

Хатшы: Нуралиева Л.М.